

**КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ КІСІ/АДАМ
ЭТНОКОНЦЕПТІСІНІҢ АДАМГЕРШІЛІК ПОЗИЦИЯСЫН
ТАНЫТАТЫН ТІЛДІК БІРЛІКТЕР**
LINGUISTIC UNITS THAT REPRESENT THE POSITION OF
HUMANITY IN THE ETHNO CONCEPT OF PERSONALITY/ PERSON
IN THE LANGUAGE OF ANCIENT TURKIC WRITTEN MONUMENTS

Раушан БАЙЫМБЕТОВА*
Гүлімжан ЖЫЛҚЫБАЙ**

Түйіндеме

Түркі халықтарының рухани-мәдени құндылықтар жүйесі жалпы түркі халықтары ата-бабаларының дүниетанымымен, тарихымен, өмір тәжірибесімен үздіксіз жалғасып келе жатқан тұтас құбылыс. Ежелгі түркі халықтарының жалпы түркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін бірден-бір жазба дерек – VII-IX ғасырларда жазылған көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Түркілердің ғаламды тану құбылысы - жаратушы ие (тәңір) және адам, табиғат және адам, адам және қоғам, адам және кеңістік, адам және уақыт сынды әмбебап түсініктер және солардың аясына кіретін - жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, мәңгілік пен жалғандық, жат пен жақын т.б. ұғымдар кешенінен тұрады. Осындай түсініктер мен ұғымдар жиынтығынан тұратын концептуалды жүйенің лингвистикалық бірліктер арқылы акустикалық немесе графикалық тұрпат алуы ғалам бейнесінің түркілік тілдік моделін сомдайды. Аталған ұғымдардың бәрі де өзек концепт – Адам концептісінің мазмұнынан тарайды.

Кілт сөздер: этноконцепт, репрезентация, көне түркі жазба ескерткіштері, рухани құндылықтар, лингвистикалық бірліктер, адамгершілік позиция.

Summary

One of the written sources of information about the system of cultural and spiritual values that characterize the common Turkic being of the ancient Turkic peoples is the language of ancient Turkic written monuments of the 17th and 19th centuries. The phenomenon of world knowledge among the Turks - consists of a complex of such concepts as: the creator (supreme) and man, nature and man, man and society, man and space, man and time in the framework of which enter - soul and body, life and death, good and evil, eternity and perishable world, alien and intimate, etc. Linguistic units of this kind of conceptual systems, consisting of essence and concepts through acoustic and graphic forms characterize

* филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан-Қазақстан
Candidate of Philological Sciences, Akhmet Yassawi University. Turkestan, Kazakhstan. E-mail:
brk_raushan@mail.ru

** филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан-
Қазақстан.
Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Akhmet Yassawi University. Turkestan,
Kazakhstan. E-mail: zerek24@mail.ru

the Turkic language model of the image of the universe. All these concepts are relevant concept - it comes from the content of the concept of man.

Key words: ethnoconcept, representation, ancient Turkic written monuments, spiritual values, linguistic units, human position of the Turks.

Адамгершілік идеясы Адам болудың басты талаптарының бірі этикалық норма-қалыптарды сақтауға негізделеді. Жаман адам, әділетсіз адам, арам адам, мейірімсіз адам, қатыгез адам, әдепсіз адам, өтірікші адам, жемқор адам, қанішер адам т.б. тәрізді адамның жағымсыз қырлары жайлы түсініктің қалыптасуы адамның этикалық нормаларды сақтамауынан туындайды.

Адамның кісілігі оның адамгершілік және жауапкершілік деңгейімен сипатталатындықтан көне түркілер танымындағы тұлға категориясы да жалпыадамзаттық тұлғаның атрибуттарына толық жауап бере алатын индивидтер арқылы бейнеленеді. Философтардың көрсетуі бойынша «Басқа ерікке толығымен бағынған және өз дүниетанымынан, өз ойы мен көзқарасынан айрылған адам - тұлға емес. Адам бойындағы интеллектуалдық-адамгершілік және еріктік қасиеттері неғұрлым айшықты көрінген сайын, оның өмірлік бағдарлары жалпыадамзаттық құндылықтармен сәйкес келеді, тұлғаның өзінің де маңызы артып, бұл құндылықтардың орнығуы мен дамуына оң ықпалымен әсер етеді. Бұл тұрғыда ол өз рухы, еркіндігі, шығармашылығы жақтарымен сипатталады» (Ғабитов, 2005: 250). Көне түркі жазба мұралары тіліндегі тұлға категориясын –Құтлығ қаған (Ілтеріс қаған), Қапаған қаған, Күлтегін, Білге қаған, Бег Чор, Бөгү қаған т.б. ел билеген түркі қағандары мен Йолығ тегін, Тоникук тәрізді даналардың іс-әрекеттері мен адами қасиеттері айқындайды. Рухы биік, ерік-жігері мықты, елдің тыныштығы мен береке-бірлігін сақтау жолдарын, болашақ ұрпақ қамын ойлаған көнетүркілік тұлғалардың адамгершілік қасиеттері мен қайырымдылығы, қиыннан жол таба білетін даналығы мен біліктілігі олардың нақтылы іс-әрекеттері арқылы көрініс береді.

Ескерткіштер тілінен көрінетін көне түркілердің адамгершілік қасиеттерінің бірі – қайырымдылық: *Jalañ buduniy tonliy, çuñaj buduniy baj qiltim, az buduniy üküš qiltim* «Жалаңаш халықты тонды, жарлы халықты бай, аз халықты көп қылдым» (Айдаров, 1995: 177) сөйлемі қағанның қарапайым халыққа деген қайырымдылығын көрсетсе, сөйлем ішіндегі *Jalañ* «жалаңаш», *tonliy* «тонды (киер киімі бар), *çuñaj* «кедей», *baj* «бай, дәулетті», *az* «аз», *üküš* «көп» сын есімдері Кісі/Адам концептісінің релятивті-бағалауыштық репрезентациясын айқындайды. Ескерткіштер тілінде «жақсы, игі» мағынасында *biligsiz* «біліксіз»,

Jablag «элсіз, нашар, жаман» *igi/ ig/idi/ id/ edgü* лексемалары да адамның релятивті-бағалауыштық сапасын білдіретін репрезентанттар ретінде жиі қолданылады: *bolmys erinč. Oly qayan bolmys erinč. Anda kisre inisi ečisin teg qylynmaduq erinč. Oly qayyn teg qylynmaduq erinč. Biligsiz qayan olurmys erinč. Jablag qayan olurmys erinč. Bujruqu jeme biligsiz erinč, jablaq ermis erinč.* «болған еді. Ұлдары қаған болған еді. Бірақ інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған еді. Әлсіз қағандар отырған еді. Бұйрықтары (қолбасшылары) да біліксіз еді, әлсіз болған еді» (КТҮ); *türük bodun içinün tün udyumadym, küntüz olurmadyum. Inim Kültegin birle eki šad birle ölü jitü qazyandym. Anča qazyanyr biriki boduny ot sub qylmadyum. Men özim qayan olurtuqyma jir saju* «түрік халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Інім Күлтегинмен, екі уәзірмен өліп-тіріліп құрадым. Сонша құрап, біріккен халықты от-су қылмадым. Бір-біріне жақсылық жасау, игілікті іс істеу де түркі болмысына тән қасиеттердің бірі: Мен өзім қаған болғанда» (КТҮ, 26,27). *Andayunyn için igitmiş qayanunyn* Сондайлығың үшін игілік жасаған қағаныңның» (Айдаров, 1995: 176).

Жауапкершілік: Тұлғаның басты атрибуттарының бірі – еркіндік. Бірақ жауапкершіліксіз еркіндік бейберекетсіздікке ұрындырады. Кез келген қоғамдағы маңызды тұлға белгілі бір моральдық стандарттар мен шектеуліктерге бағынбаса халық арасындағы беделінен айырылады. Сондықтан жауапкершілік тұлғаға қойылатын басты талаптардың бірі әрі ең қиыны. Неғұрлым тұлғаның маңыздылығы артқан сайын соғұрлым оның өзі мен өзгелер алдындағы жауапкершілік деңгейі де жоғары болады. Түркі қағандары мен олардың кеңесшілерінің, қолбасшылардың ел алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең ұғынғанын ескерткіш мәтіндерінен айқын аңғарамыз: *Bir kisi jañılsar oyuşı budunı bičükiñe tegi qidmaz ermis* «Бір кісі жаңылса, руы, халқы тұқымына дейін қалмас еді» (Айдаров, 1995: 169). *Turk budun jitmezün tejin* «Түркі халқы өлмесін-жітпесін деп» (Сартқожа, 2003: 142) *...türk budun içinün tün udyumadım, күn olurmadiм* «...түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым» (Айдаров, 1995: 177). *Tun uđimatı, tun olurmatı qizil qanıм tökti, qara терim жүgürti, ičig-kučig bertik* «Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым, қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым, күш-қуатымды да бердім» (Тон. 51, 52) (Айдаров, 2000: 113). Метафоралық *Tun uđimatı, tun olurmatı qizil qanıм tökti, qara терim жүgürti* сөйлемінің ескерткіштер тілінде бірнеше рет кездесуі оралымның көне түркілер тіліндегі қалыптасқан фразеологизмдік сапада қолданылғанын аңғартады. Бар болмысымен ел алдындағы, ұрпақ алдындағы

жауапкершілікті терең түсінген көне түркілер дүниетанымы бейнеленген бұл тұрақты тіркес Кісі/Адам этноконцептісінің ментальды ерекшелігін танытатын тілдік бірліктер қатарына жатады.

Alp erin ölürip balbal qylu bertim. Elig jaşyma tataby bodun qyutajda adr[ylyty... tö]ñker tayda ... «Алып ерлерін өлтіріп балбал қыла бердім. Елу жасымда татабы халқы қытайға (кидан) бағынды...Төңкер-тауда...»(БК) (Сартқожа, 2003: 198,206) деген сөйлемнің мазмұны көне түркілер жауына да құрметпен қарағанын, жеңіліске ұшыраған жақтың ерлік көрсеткен батырларының басына ескерткіш-балбалдар орнатып отырғаны айтылады. Мұндай іс-әрекет кез келген этностың қолынан келе бермейтін, түркілердің этноболмысына ғана тән айрықша адамгершілік қасиетті көрсететін мәрттік, кеңдік. Түркілер қарсыластарының жылы сөздері мен қымбат сыйлықтарының неге ұрындырарын да жақсы түсінген: *sabi süčig, ayisi jimşaq ärmis; süčig sabin, jimşaq ayin arip* (КТү,5) ‘оның сөзі балдай, асылы жұмсақ (яғни мол, нәзік), тәтті сөз және мол асыл бұйымдармен еліктірердей’; *süčig sabiña, jimşaq ayisiña arturup* (КТк,6) ‘өзін олардың тәтті сөзі мен мол асылдарымен қызықтырып’.

Өз халқын түркі болмысына жат қылықтардан сақтандыру мәселесі де көне түркілердің назарынан тыс қалмаған. *Quutaj bunysyz anča birür tabyač bodun saby süčig ayusy jymşaq ermis. Süčig sabyn jymşaq ayun arup yraq boduny anča jaçutyr. Jaçru qoontuqda kisre jaç biligin anda üjür ermiş. Edgü bilige kisig, edgü alp kisig jorytmaz ermiş. Bir kisi jaçylsar oçuşy boduny besükiñe tegi qyutmaz* «жібекті есепсіз берер табғач халқының сөзі тәтті, ақығы асыл еді. [Олар] тәтті сөзі, асыл /қазынасымен/ арбап, жырақтағы халықты өзіне соншама жақындатар еді. Жақын қонған кісіні жаман қылығына үйір қылушы еді. Жақсы, білікті кісі, мықты, алып кісі оған көнбес еді. Бір кісі жаңылса, иелігіндегі халқы бесігіне дейін /бесіктегі ұрпақтарына дейін/ құтылмас еді»; *ermiş. Süčig sabyn jymşaq ayusyña arturup üküš türük bodun öltüg. Türük bodun üleskiñ. Birije çuyaj jüş tögültün jazy qoonajyn tiser türük bodun ülesikig. Anda jaç kisi anča boşurur ermiş. Yraq erser jablaq ayu birür. Jaçuq erser edgü ayu birür tip anča boşurur ermiş. Bilig* «еді. Тәтті сөзі, асыл ақығына алданып, түрік халқы, өлдің. Түрік халқы [сенің] үлесің. Беріде Шұғай жынысына, Төгүлтүн жазығына қонайын десен, Түрік халқы, өз үлесің. Сонда жау кісілер былай азғырған еді: «Жырақ кетсең жаман ақығ /қазына/ берер, жақын жүрсен жақсы ақығ /қазына/ берер»-деп, осылайша азғырған еді. Білік» (Айдаров, 1995: 176).

Ескеркіш мәтінінен аштықта да, тоқтықта да кісілік қасиеттерді сақтай білудің қажеттілігі де айтылады: *bilmez kisi ol sabuy aly jorjur ertig Teñri ilig ol jergerü busartürük bodun ölteçi sen. Ötüken jer oluryp arquş tirkış ysar neñ buñuy joq. Ötüken jyş olursar bengü il tuta olurtaçy sen. Türük bodun toq aryqoq sen aaçsynar tosyq ümez sen. Bir todsar aaçsyq ömez sen.* [«білмес (ақылсыз) кісі сол сөзді алып /сеніп/, жақын барған еді. Тәңірлік елің ол жерге барса, түрік халқы, өлімшісің сен. Өтүкен жерінен керуен аттандырып қойып отырсаң, еш мұның жоқ. Өтүкен жынысында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырар ең сен. Түрік халқы, сен тоқта арық иеліксің. Аштықта тоқтықты түсінбедің сен. Бір тойсаң ашықпайтындай боласың сен (Айдаров, 1995: 176).

Ата-ананы сыйлап, пір тұту – исі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да айнымас асыл қасиеттерінің бірі. Өмір беріп, өнеге көрсеткен әке, әлпештеп өсірген шеше алдындағы қарыз сезімі - әр адамның адамгершілік деңгейінің өлшемі саналады. Көне түркілердің ерекше атап өтетін адамгершілік қасиеттерінің бірі де бауырмалдық, туған-туысқанға деген құрмет. Ата-ананы, ағаны, ініні сыйлау, қыз балаға қамқор болу. Ескерткіштер мәтінінде *qañ* «әке», *ög* «шеше, ана», *ini* «іні», *quz* «қыз», *apa* «жасы үлкен немере туыс, аға» *jegün* «жиен», *oñlan* «ұл» *oñuñ* «ұрпақ, ру», *siñli* «қарындас» т.б. туыстық қатынасты білдіретін атаулардың кеңінен қолданылуы көне түркілердің туыстық жүйеге айрықша маңыз бергенін аңғартады. Көне түркілердің этномәдениетінде қандық туыстық және некелік қатынастағы туыстық, ағайынның бауырдың алдындағы жауапкершілік мәселесін жоғары қойылған. *Ögüm qatun, ulaju öglerim, ekelerim, kelinünim, künçujlarım, bunça jeme tirigi kün, boltaçı erti, ölügi jurtda, jolta jatu qaltaçı ertigiz* «Шешем қатын, оған ілескен аналарым, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім мұнша және күң болар едіңдер, өліктерің жұртта, жолда жатар едіңдер» (КТҮ, 49) (Айдаров, 1995: 182); *Teñri teg teñride bolmuş türük bilige qağan bödke olurtym. Sabymyn tüketi esid. Ulaju ini jegünim, oñlanym ebreki oñuñym, b[odunym ilgerü kün]* «Тәңір текті, Тәңірден жаратылған түрік Білге қаған бөдке /тақ иесіне/ отырдым. «Сөзімді түгел естіңдер! Ұласқан іні, тумаларым, ұрпағым, ебтегі-иелігімдегі халқым! Ілгері». *Teñri teg teñri jaratmuş türük bilige [qağan] sabym. Qañym türük bilige qağan olurtuqynda türük amty begler, kisre tarduñ begler Kül çor başlaju ulaju şad apyt begler, öñre töles begler, apa tarq[an]* «Тәңір текті Тәңірі жаратқан түрік Білге қаған (менің) сөзім. Әкем Түрік Білге қаған [тақта] отырғанда түріктің қазіргі бектері, арттағы тардуш бектер, Күүлі-чор бастап ұласқан шад, апалар, бектер; өңіре төлес

бектер, апа тархан» (БК) *Men türgeş qağanqa qyuzu [myn bertim]. Erteñü uluy törün aly birtim. Türg [eş qağanyn]* «Мен түргеш қағанға қызымды бердім. Ер теңі ұлына төр /өкімет/ алып бердім. Түргеш қағанның» (БК) (Сартқожа, 2003: 166). *Küüli-čoryu çyqan Ton-uquq aataу* «Күүлі-чорға чықан /жиен/ Тоникүк атағы берілді»; *tduqda bögtürmis. Yüşbara çyqan Küüli-čor bolmys. Čub jeri töles ...uq ...bүктірді.* Ышбара чықан Күүлі-чор атанды...Чуб жері төлес (сол қанат) суы-жері (КЧ) *Qa Jrluq jigren ermelig arqasynsyju urty...Qarluq anyn turup ...qay. Elteber özi kelti. Esirirkin oуly, Jigen-čor kelti.* «Қарлуқтың жирен торы атының белін ұрды. Қарлуқтар осылай бағынды. Елтебері өзі келді. Есір-Еркінұлы Жиен-чор келді» (КЧ); *bolmys erinč. Oуly qağan bolmys erinč. Anda kisre inisi ečisin teg qylynmadiuq erinč. Oуly qağan teg qylynmadiuq erinč. Biligsiz qağan olurmys erinč. Jablag qağan olurmys erinč. Bujruqu jeme biligsiz erinč, jablaq ermис erinč.* болған еді. Ұлдары қаған болған еді. Бірақ інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған еді. Әлсіз қағандар отырған еді. Бұйрықтары (қолбасшылары) да біліксіз еді, әлсіз болған еді (КТҮ); *Anča qaz bolmys erinč. Oуly qağan bolmys erinč. Anda kisre inisi ečisin teg qylynmadiuq erinč. Oуly qağan teg qylynmadiuq erinč. Biligsiz qağan olurmys erinč. Jablag qağan olurmys erinč. Bujruqu jeme biligsiz erinč, jablaq ermис erinč.* болған еді. Ұлдары қаған болған еді. Бірақ інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған еді. Әлсіз қағандар отырған еді. Бұйрықтары (қолбасшылары) да біліксіз еді, әлсіз болған еді (КТҮ); *Qayanladiuq qağanyn jitürü ydmys. Tabyač bodunqa beglik ury oуlyn qul boldy, silik qyuz oуlyn küñ boldy. Tүrik begler tүrik atyn² ytty. Tabyačyу begler tabyač atyn tutrap. Tabyač qağanqa* «Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды. Табғачшыл бектер табғач атын тұтынды. Табғач қағанға(КТҮ)»; *Qapaуan, Iiteris qaуan eliñe qyуlyndym. El etmis jabуy oуly ysbara tamуan- čor joуa inisi bilige yşbara tamуan tarqan, ajmaylyу bes jetmis ečim atam ...Қапаған, Елтеріс қаған елінде қылындым /тәрбиелендім/. Елетміш явғу ұрпағы Ышбара Тамған-шор Иоға, інісі білікті Ышбара Тамған –тархан аймағымен /барлығы/ алпыс бес ата ... (Он); *Atačymqa bitig taşуу* «Аташымның бітіг тасын» (Он); *atačym ölti* «аташым өлді» (Он).*

Ескерткіштер тіліндегі *Kisi/Адам* концептісінің адамгершілікке қатысты тілдік бірліктері көне түркілер танымында *Адам* туралы, оның кісілік қасиеттері туралы шынайы білім қоры жинақталғанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Айдаров Ғ. (1995). *Күлтегін ескерткіші*, Алматы, 232 б.
Айдаров Ғ. (2000). *Тоникуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі*, Алматы, 120 б.
Ғабитов Т. (2005). *Философия*, Алматы, 400 б.
Сартқожа Қ. (2003). *Орхон мұралары*, Астана, 392 б.

Özet

Eski Türk halklarının ortak Türk yaşamını karakterize eden kültürel ve manevi değerler sistemi hakkında bilgi veren yazılı kaynaklardan biri, VII.-IX. yüzyılların Eski Türk yazılı anıtlarının dilidir. Türklerin dünya algısının olgusu şu kavramlardan oluşuyor: yaratıcı ve insan, doğa ve insan, insan ve toplum, insan ve mekan, insan ve zaman, kapsamının içerisinde olan ruh ve beden, yaşam ve ölüm, iyi ve kötülük, sonsuzluk ve ölümlü dünya, yabancı ve yakın kişi vb. Akustik ve grafik biçimlerle öz ve kavramlardan oluşan bu tür kavramsal sistemlerin dilsel birimleri, evrenin imajının Türk dil modelini karakterize eder. Listelenen tüm kavramlar, insan kavramının içeriğinden kaynaklanan gerçek kavramlardır.

Anahtar kelimeler: etnokonsept (etno kavram), Eski Türk Yazılı abideleri, manevi değerler, dilbilimsel birlikler (birimler), insan pozisyonu.

(Bayımbetova R., Jilkıbay G., Eski Türk Yazıtlarında Kişi/İnsan Etno Kavramının İnsanlık Pozisyonunu Gösteren Dilsel Birlikler)

Резюме

Одним из письменных источников, дающих информацию о системе культурно-духовных ценностей, характеризующих общее тюркское бытие древне-тюркских народов, является язык древне-тюркских письменных памятников 7-9 вв. Явление миропознания у тюрков - состоит из комплекса таких понятий как: создатель (всевышний) и человек, природа и человек, человек и общество, человек и пространство, человек и время, в рамки которых входят - душа и тело, жизнь и смерть, добро и зло, вечность и бренный мир, чужой и близкий и др. Лингвистические единицы такого рода концептуальных систем, состоящие из сути и понятий посредством акустических и графических форм характеризуют тюркскую языковую модель образа вселенной. Все перечисленные понятия являются актуальным концептом – происходящие из содержания концепции человека.

Ключевые слова: этноконцепт, репрезентация, древне-тюркские письменные памятники, духовные ценности, лингвистические единицы, человеческая позиция.

(Байымбетова Р., Жылкыбай Г. Лингвистические единицы, которые представляют позицию человечности в этноконцепте личность/человек в языке древних тюркских письменных памятников)